

**Сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-египет үкіметаралық комиссиясының төртінші мәжілісін өткізу үшін қаражат бөлу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 24 ақпандағы N 34-ө Өкімі 2007 жылғы 26-27 ақпанда Астана қаласында Сауда-экономикалық мәдени-гуманитарлық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-египет үкіметаралық комиссиясының төртінші мәжілісін өткізуге б а й л а н ы с т ы :

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне үкіметаралық комиссияның египеттік бөлігі мүшелерінің қонақ үйде тұруына 2007 жылға арналған республикалық бюджетте 006 " Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 1369129 (бір миллион үш жүз алпыс тоғыз мың бір жүз жиырма тоғыз) теңге сомасында қаражат бөлсін.

*Премьер-Министр*